

## АДАМ СЕНБЕС

Мынау фәни дүниеде шексіз ғарыш, тылсым табиғат қана емес, әлемнің түйіртпек тозаңынан да елеусіз жекелеген адамдардың өмірінде неше түрлі ғажайып оқиғалар ұшырасады дейді. Әдетте мұлде түсініксіз, сырлы-сырдан, тіпті, мистикалық. Біреу шайтанды көріпті, біреу аруақпен тілдесіпті, әулиенің елесін шалыпты, дегендей. Одан әрмен – жат планеталық ұшпа дәленкे... Салуалы, ақыл-есі түзу кісілер айтқан мұндай буалдыр хикаялар сырттай нақты, деректі көрінгенімен, көбіне-көп, үнемі дерлік күмәнді саналар еді. Осында, әрқиыл себеппен ешкімге айтпаған, тек бірді-екілі балам мен айрықша жақын кейбір інілеріме ғана шет жағасын шығарған әлей оқиғалар, екі-үш, бәлкім, төрт-бес мәрте біздің де басымыздан өтіп еді. Кейбірі – кездейсоқ, істің сәтіне байланысты, кейбірі – шынында да акылға сыйымсыз, тылсымға такау жағдаяттар. Қай-қайсына да таңырқамадық, бәрін де өзіміздің ерекше талайымызға тән құбылыс, тіпті, ғарыштан жеткен аянның нақты, рухани және заттық болмысы деп білдік. Бәлкім, кейбірін баспаға ұсынбасам да, қағазға түсіріп, кейінгі бір заманда жариялауга ризашылық беріп, Едігеге тапсырып кетермін. Ал дәп осы арада айтпағым – басқа. Әдепті өмірде өзім нақты күә болған, әлдеқандай қораш көріністер. Нақты, айна қатесіз, өмірлік оқиғалар. Ол кезде де, кейін де әрқиыл жағдай, көбіне қонақ үстіндегі қысыр әнгімеме сыртқа шығатын еді. Ешқашан ешкім сеніп көрген емес. Қалжың, орайымен туған анекdot деп қана қабылдайды. Осы қыска хикаялардың ерекше бітімінен емес. Керісінше, тым жұпыны мазмұнынан. Ешқашан болмаған, болса да әсірелеп жіберген сияқтымын. «Ер сезін еріккеннен ермек еттім, – Осыны жазғамын жоқ өнер қысып...» – деп толғанып еді Абайдың ұлы Ақылбай әлемдік денгейдегі «Дағыстан» дастанында. Сол үшін ұстаз-әкесінен сөгіс естіген. Біз ерікпесек те, әрқайын дербес һәм өзара жалғас, жинақтап келгенде ұзақ-сонар, әркім әрқиыл қабылдар естелік жазбалар үстінде бір сәт көңіл делбеу үшін осындағы бөстекі әнгімені қыстыра кетуді артық көрмедік. Шынын айтайық, біз ең алдымен жазушы болғандықтан және көп жасап, көп көрген ұзақ ғұмырымызға сәйкес, не қылы жағдайларды бастан өткердік, егер әлдеқалай, сол қатардағы кейбір оқыс әнгімелерді алға тарта қалсақ, көпшілік оқушы, тыңдаушым мынау өмірде не болмайды, ықтимал, мүмкін жағдай, дер еді. Осыған керісінше, ендігіміз – сәл басқашарап, ешқандай мистикасыз, бірақ ешкім сенбес, өзгеше хикаялар. Міне, караңыз.

## I. Хат танымайтын студент

1976 жылдың май айында Академияның Әдебиет институтындағы төлемі жоғары, уақыты мол, аса жайлыштың қызыметінді тастап, ұстаздық жұмыс, ҚазПИ – Қазақ педагогтық институтының қазақ әдебиеті кафедрасына ауыстырылған. Сырттай қарағанда, тан қаларлық жағдай. Академияда бес жылға жуық отырғам. Және қалған өмірім түгелдей осы жерде өтеді деп ойлайтын едім. Алайда, оп-онай қоштастық. Астынан су шыққан жоқ, әйткенмен, соңғы кезде өзімді жайсыз сезіне бастаған едім. Мұндағы ең үлкен басшылық болмаса да, берідегі бөлім мен қатарлас әріптестер әрбір жаңа кітабым шыққан сайын маған үдіреіле қарайтын. Расында, ғылыми түрғыдағы тиесілі жұмыстар уақытында атқарылып жатыр, ешкім де орнынан қозғай алмас еді. Сөйтіп жүргенде, бір куні Академияға әлдеқалай жолы түсे қалған Серік аға Қирабаевпен ұзын дәлізде кездейсоқ ұшырасып қалдым. Есен-саулықтан соң, өзі басқарып отырған кафедрада ғылым кандидаты, доценттік орын шыққанын, соған қолайлы кісі табылмай жатқанын, жария конкурстан соң құжат тапсырған жалғыз талапкердің ересі тым төмен, әрі қолайсыз жағдайын айтқан. Мен сені шақырап едім, мұндағы майшеллекпіті қимайсын ғой, деді. Әйткенмен, бізде де жағдай жаман емес, ең үлкен жұмыс – лекция оку десек, сез білетін, білімдар кісіге қындық туғызбайды, оның үстіне біздегі бос уақыт та мұндағыдан кем емес, қыскы сессияда – қырық күн, жазғы демалыста үш-төрт ай еркіндік, аптасына асса екі-үш күн ғана, қосар, немесе төрт сағаттық лекциядан соң күнүзақ және қалған үш-төрт күнде қатарынан тағы да кеңшілік. Оның үстіне, мұндағы түйіктық жоқ, жастардың арасы, жазуыңда да жаңа тақырыптар табар едін. Және үш жылдан соң докторантурасында жіберем... дегені. Еппен айтылған өтімді үгіт. Мен мұнда апта бойы боспын, ана жақтың қызығатын ештеңесі жоқ, ешқандай толқыныс, күмән тумаған, күлдім де қойдым. Алайда, Серік ағаның қөнілі қайтпасын деп, бірден қайырмай, екі-үш күннің ішінде жауабын берейін, дегем. Сол сәтінде ұмытып кетіппін. Бір күн, екі күн өтті. Үшінші күн, үздіксіз жазу арасындағы тыныс еді, таңертенгі шайда ұзағырақ отырып қалыптын. Кенеттен есіме түскені. Келіншегіме айттым. Бұл кісі мен ойламаған лепес тапты. Мына Академия түптің-түбінде саған жайсыз болуы мүмкін. Өзің де айтып жүрсің, әрбір кітабым шыққан сайын маған ұрлық жасаған адамдай, қигаш қарайды, деп. Ал ҚазПИ-де өзіңнің агаларың отыр. Серік аға ғана емес, Нығмет аған, Төкен аға Абдрахманов... Жаңа айтылғандай, жастардың ортасы. Оның үстіне, үш жылдан соң еңбекақысы толық сақталатын диссертациялық демалысқа шығарса... – деді. Бұл сезге мен мыйланған қоймадым. Мына Академияда елу жыл отыруга болады. Бармайтынымды айтып, телефондай салуым керек. Әйткенмен, қатесіз, азғана эксперимент. Қазір шылдыратам. Сағат он бір жарым, Сер-аған үйде жоқ, жұмысқа кетуге тиіс. Лекция, немесе кафедра мәжілісі, аспиранттармен кездесу. Үйде болса да, бүрнада, баспада хабарласып жүргендей, Әлия женгей алуға керек. Екі тарамның

бір ғана шешімі бар – рақмет айтам. Егер ғайыптан Серік ағамның өзі көтерсе... онда келісем. Неге екенін білмеймін, осындай бір елес. Мен жалпы, алмағайып қандай жағдайда тәуекелмен шешпес едім. Қашанда бар істі таразылап қана, бұлталақсыз, нақты. Кездейсокқа жол жоқ. Ал дәп осы ретте... өзімнің болмыс-бітіміме, өмірлік ғадетіме мүлде қарамақайшы долбар. Телефон соқтым. Күтпеген жерде Серік ағамның өзі көтерген...

Енді міне, жаңа өмір. Менің қуанышым да, кейісім де жоқ. Ойламаған жерден осылай болып шықты. Откендергіден бәрі басқаша. Артық емес, кем де емес. Уақыттан тым көп ұтылmasам керек. Тек кейде таң атар-атпаста міндетті дәрісіңе асығатының бар. Бұған тез үйрендім. Есесіне ертерек қолың босайды. Және кейінгі толқын – аузыңа қарап, әр сөзінді бағып отырган студент жастардың ортасы. Ресми саясаттан ауытқымасаң да, басқаша үлгі, тәрбие беріп жатырмын, зерделі жаңа ұрпақ қөкірегіне жаңа бір сәуле құям деген алданыш бар. Ақыры оң болып шықты. Алдыңнан өткен біраз бала күні кешеге дейін, қазір де бүкілхалықтық руханият саласында пайдалы қызмет жасады, әлі де жасап жатыр.

Қазір ойлап отырсам, тып-тыныш академиядан, қайткенде дабыры бар ҚазПИ-ге, ұстаздық қыметке көшерде біз жүгінген екідай шешім таразысы күмәнді, ал нәтиже – мүлде қисынсыз екен. Енді осы орайдағы адам сенгісіз оқиға.

Әлбетте, бұл кезде Қазақстандағы барлық жоғарғы оқу орындарын жаппай былық деп айтпайын, біршама ұнамсыз жағдаяттар жайлап алған екен. Оқуға тұсу өте қыын. Негізінен ректор мен проректордың, одан қалса, факультет деканының арнағы тізімі бойынша. Көлдененден тек емтиханшы мұғалімдердің бірді-екілі кісісі ғана өтер еді. Кейде олардың өзі өткізе алмайды. Соншама тығыз конкурс. Бар кілтипан арам былыққа тіреліп тұрған жоқ. Әдетте, таза қазакы жағдаят – біреудің танысы, біреудің туысы араласпақ. Енді біреулері тым жоғарыдан тапсырылған. Алғашқы жылы қабылдау емтиханына қатысқанда андағаным. Ең үлкен екі кісімен қайшы келіп, бұдан соңғы жылдарды мынау, сырттай жауапты, шын мәнісінде қолжаулық міндеттен бас тартып едім, бастықтарым да маған құмартып тұрмаса керек. Шындығында, өз күшімен түсетін балалар да жоқ емес. Ал жалпы қындық –abituriенттің білім дәрежесіне мүлде дерлік қатыссыз. Қолдаушысы күшті болса, орташа баланың өзі зырқырап өтпек.

Обалы қанша, қалай түсті десек те, ҚазПИ-дің филология факультеті студенттерінің жалпы дайындығы жақсы еді. Қатарлас ҚазМУ-ден әлдекайда жоғары болды. Ақырғы нәтижеге қарап айтам. Кейін сол, мен көрген балалардың ішінен ақын да, сыншы да, қайраткер мен ғалым да шықты. Сонымен қатар, обалы не, жекелеген нашарлар да ұшырасып қалатын. Ал осы ретте айтқалы отырғаным – шетін ғана емес, ерекше ғажайып жағдай.

Сол алғашқы жылдың қысқы сессиясы. Өзім әуелден оқытпаған, тек жаңадан дәріс берген үшінші курс студенттерінен емтихан алғып

отырмын. Менің бұл кездегі талабым қатаңдау болса керек, көбіне «орташа» мен «жақсы». Үш-төрт бала ғана үздік, бес-алты бала «қанағаттанғысыз», қайыра тапсыруы керек. Кезегімен өтіп жатыр. Сөйтсем, бойы ортадан жоғары, өңкіген бір жігіт жауаптан тартынып, шегіншектеп қалған екен. Озғындал алдына түскен ұл мен қыздан соң байқалып, жауапқа шақыргам. Әрең келіп, екі бүктеліп, әзер отырды. Билетін қолынан алдым. Бірінші сұрақ... Жауап жоқ, тұқыра берді. Екінші сұрақ... Аузын ашпады. Үшінші сұрақ... дыбыс жоқ. Билеттен тыс, өте оңай бірер сауал таstadtым. Ләм-мим тырс етпеді. Сен өзің қажетті әдебиетті мүлде қарамаған сияқтысын ғой, дедім. Эйтпесе, Абайдың бұл өлеңі мектеп оқулығына да енген. «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды...» Кім екен?» «Абай» – деді жасқана сөйлеп. «Қыс», – дедім. Алып көрсеттім. Мен отырған столдың тартпалы құысында жатқан, бесінші, әлде алтыншы кластың кітабы. Сондағы үзінді. Тәрізі, өткенде, тілден емтихан кезінде, немесе басқа жағдайда қалып қойған. Жаңа бір бетін аштым. Шағын жаттығу мәтіні. Жарты бетке жетпейді. Толстой, «Полкан деген ит». Артқа барып мынаны оқып шық, дедім. Маған мазмұнданап айтып бересің. Барды, отырды, жер қазғандай тұқшиып, оқуға кірісті. Екі-үш студенттен соң қайыра шақырдым. Иә, не болышты? Тым-тырыс. Бірде бақырайып бетіме, бірде жыптықтап төменге қарай береді. «Әй, сен манадан бері ойнап отырдың ба? Қане, екеуіміз қосылып оқықшы... – деппін. – Әуелі сен оқы...» Тағы да тым-тырыс. «Қане, жай ғана оқып көрші...» – деймін. Сөйтсем, сенесіз бе, жоқ, сенбейсіз – мүлде оқи алмайды екен. Әуелде мен де сенгем жоқ. Кітапты қолыма алып, қасыма шақырдым. «Мынау не деген әріп?» «Ыл...» Келесі әріп?» «Ее...» «Одан соң?» «Вы...» «Не болды?» – Айта алмады. «Лев» – дедім мен төзімім таусылып. «Енді мынау?» «Ты...» Одан соң «Оо...» Толстойды да түгендер бере алмаған. Енді басқа да қаріптерді жекелей адақтап шықтық. О ғажап, бәрін де таныды. Тек «е» мен оның төңкөріліп шыққан сынары «ә» таңбасын ғана шатыстырып еді. Енді мен ерінбей, жалықпай, алдындағы қағазға қолдан жазып көрсетіп едім. Бірінші кластың Әліпे үлгісімен. «А-Т-А». «Ата» емес, «Ат» болып шықты, ат та емес, «а-ты»...» Есімді жия алмай азғана отырып, сынақ кітапшасын актарып қарадым. Бірінші курс, бірінші семестр... Отіпті. Екінші курс, екінші семестр... Ол да бүтін. Үшінші курс, бірінші семестр... менен бұрын екі емтихан тапсырган екен. Бұл да, бұрнағылар да түгел «қанағаттанарлық» – яғни, қатар-қатар үштік. «Болды, – дедім. – Енді ауылға қайтасың. Міне, адал бағаң – екі – «Қанағаттанғысыз!» Бұл сөз ешқандай әсер еткен жоқ, бүктесінін жазып, орнынан тұрды. Сүйретіліп шығып кетті. Алдында әлі де үш-төрт бала қалған. Қарасам, бәрі тұқшиып, бірақ тым көңілді отыр. «Осыған дейін бірге оқып келдіндер ме?» – деппін, басқа сөз таба алмай. Әуелгі курстан бері, міне, үш жыл бойы бірге оқыпты. «Содан бері осылай тапсырып келе ме?» – деген сұрағым жауапсыз қалды.

Балаларды түгел атқарып, тәлтіректемесем де, басым айналуга жақын жағдайда кең дәлізге шығып едім. Кафедрамен орта жолда Ф.М. дейтін тіл маманы, профессор әйелге ұшырастым. Бұл да таң қаларлық

жағдай, ғылымын білмеймін, күнделікті тіршілікте, естуімше, тіпті, студент ұл мен қыз алдында бейбастақ, тәрбиесіз жан еді. Шегір көздерімен ежірең түйіліп, маған қарады да: «Е, Мұқа, қайырлы болсын, – дегені. – Анау студентіңіз, – аты-жөнін айтты, – жаңа деканға кіріп шықты. Соны айтайын деп едім сізге. Байқаңыз, оның артында кісісі бар...» «Студенттің артында кісісі болғанда, мұғалімнің артында одан да күштісі неге болмайды?! – дедім. – Масқара ғой. Тым құрса хат танымайды екен...» «Өзіңіз білесіз. Апайыңыз болған соң айтқаным...» – деді. Шынында да апай, біздің Аягөзден. Аңдалып қалғандай, әлгі студенттің артындағы кісі – факультет деканы, – әдебиетші, немесе тілші емес, партия тарихынан ба, маркстік философиядан ба, әйтеуір ғылым кандидаты, ректорат тарабынан түскен екен, жасы елудің үстіне шыққан, бірде осы маңда машинаға отырып жатқанда көріп қалғам, жұтынып тұрган жас әйелі бар, жылтыр тәбе, сыптығыр қара кісі болатын. Кәсіподақ жиналыстарында қатқыл сөйлейтін. Мен мұғалімдер институтында осыдан соң тағы үш жылдай қызмет атқарып, Серік ағамның әуелгі уәдесі бойынша, докторантурага шықтым, манағы хат танымайтын бала қайыра көзіме түспеді. Деканмен де тоқайласқан емеспін, әлдеқалай ұшырасқанда құрметпен амандастып, тартына сөйлейтін еді. Кейінде естігенім, әлдебір былығы ашылып, жеті-сегіз жылға сотталып кеткен екен.

Ең қызығы – менің осы, өз алдынан өткерген шынайы оқигаға ешқашан ешкім сеніп көрген емес. Сол кезде және кейін де, әлдеқалай еске түсіп, айтыла қалған жағдайда тыңдаушыларым түгелдей: «Иә, неше түрлі мыйғұла бар ғой, бірақ сіз әсірелеп отырысыз, он жылдық мектепті бітіріп, институтта оқып жүрген дырдай жігіт, мейлі, окуға құлықсыз болсын, меніреу, мақау болсын, хат танымайтын мүмкін емес...» – деседі. Қазір тәуелсіздік заман, бұрынғыдан көп алға бастық, бірақ біздің білгіштер «ғаламтор» деп атаған бүкілқазақтық өсектор–интернет бетінде мыйғұла, тауансыз мақұлықтың нешеме түрі жаппай өріп жүр. Кесірі Алатаудан асқандай. Ешқандай қисынды уәжге тоқтамайды, ауыздарынан ақтарылған былапыт боқтық жарым дүниеге еркін таралып жатыр, бұлардың шын сөзден гөрі өтірікке бейімі артық, не сауат, сана жоқ, не әдеп, тәрбие жоқ. Осындайда ойлаймын, эттегене, баяғы хат танымай қалған студентім мыналардан өлшеусіз жоғары екен ғой, деп. Өздеріне соншама сенімді осы бір ерекше қауым түгелімен хат танымай қалса, дүниені осыншама былғамай, момақан кейіпте, тып-тыныш отырар еді ғой деп.

## 2. Шикі ет – сынған тіс

Мектепте бірге оқыған, бұдан соң қатарлас өскен, тетелес жетілген төрт-бес жігіт едік. Туған ауылымыздан алыс Алматыға үздік-создық қоныстандық. Енді ұшыраспай, жүздеспей тұрмайсың. Қалтқысыз табысадың мәйегі – өзара қонақ. Арнайы шақырысамыз, бұдан қалса, балалардың туған күні, мектепке барғаны, бітіргені, институтқа түскені,

одан әрі... үлдүң үйленгені, қыздың ұзатылғаны... Сылтау көп және бәрі де орынды. Өуелден-ақ біздің топтың арақ-шарапқа әуестігі жоқ еді. Ең үлкен қызық – әрқылдың әнгіме, баяғы заман естеліктері, және, әрине, мол дастарқан. Бар дастарқан емес, қазақша ет. Ендігі сенімсіз хикаямыз да осы етке қатысты.

Бұл ет жарықтықты әзірлеу оп-онай сияқты. Эйелің қазанға салады, қажетті мөлшерде тұзын сеуіп, екі сағат шамасында қайнатады... одан соңғысы белгілі. Белгісіз – біздің бір досымыздың үйіндегі ет қашанды шикі болатын. Шикі болғанда... тастай қатты. Алдымызға келеді, үлкен табактан ептең аласың, содан соң... бір жапырағын үшке бөліп, малжандап отырғаның. Ұялағаннан жұтынасың, тамағынан әрен өтеді, орталық табаққа қайыра қол созу қайда, алдындағы, қандай қындық күтіп тұрғанын біліп шақтап алған сыбагаңның өзі жарым-жартылай ғана кетілген. Бұл ет жай ғана шикі емес, тіс батпайтын дәрежеде. Бірде, өзара, яғни әлгі үй иесінен тысқары жерде: «Жүк машинасының артқы доңғалағының покрышкасындей...» – дегенім бар. Мениң қасқырдай тісімнің өзіне солай көрінген.

1983 жылы Якутия – Саха еліне, қазак әдебиетінің онкүндігіне барып едім. Жиырма-шакты жазушы. Күтім, құрметіміз ерекше болды. Риясыз, туыстық көңіл. Арақ-шарабы самсаған мол дастарқан. Жабайы үйрек, қаз еті, бұғының тілі, бізге ерсілеу көрінген, алайда бұрнағы қазақта да болған қаншұжық, балықтың неше атасы. Әлбетте, ең бастысы – жылқы еті. Толық піспеген. Бағзыда қазақ: «Ет қанды болмай, жігіт әлді болмайды», – деген. Яғни, шала-шарпы, бір ғана қайнаған, табиғи қалпы. Сахалар күні бүгінге дейін осылай қабылдайды екен. Әйткенмен, қазақтар қанын кетіріп, езіп жейді деп естіген, бір емес, екі қайнатса керек. Әлбетте, жеріне жетпеген, соған орай жарым-жартылай ғана, қатаң піскен. Біздің жігіттер ұсақтап турал, ептең қана жеді, соның өзінде көбінің іші түйілген. Тек мен ғана ешқандай қындық көрмеп едім. Қаны шығып тұрса, баяғыдай болар еді деп, қажетті мөлшерде қарпыш жүрдім. Есебі, шикілтім ет мен үшін тым оғаш емес екен.

Алайда, біздің досымыздың әйелі пісірген, пісірген емес, шикілей тартқан етіне еркін кірісе алмас едім. Мен кейінде көрген саха дастарқаныңдағы ет – мұның қасында мыипалау сияқты. Қайткенде, ептең болса да, тартынбай жедім той. Ал мынау... якутыңыз не, қазанға тұспеген сүр еттен де қатқыл. Содан, қайтарда, немесе басқа бір жағдайда әйелдерімізге айтамыз той: мына абысындарына етті қалай пісірудің жөнін үйретпейсіндер ме деп. Қалай үйретеміз, дейді. Жаңа тұскен жас келіншек емес. Не қындығы бар. Орта жолдан суырып алмай, екі сағаттан астам қайнатса жетіп жатыр емес пе. Тіпті болмаса, достарың өз әйеліне ескертпей ме. Біздің үйлерден піскен ет жеп жүр. Пісіре тұс, қайната тұс, деп... Айтты, айтпады, түсініксіз, жұмбақ жағдай. Бұл әйел неге етті үнемі шикі пісіреді?.. Әртүрлі, қисынсыз қалжың туар еді. Досымыздың өзі осылай, үнемі шикі ет жей ме – гастриті, қарны қабысқан, арық бітімі осыдан шығар... Қайткенде, досымыздың дастарқаныңдағы ет жай ғана шикі емес, жана айтқанымдай, ғажайып

кейіпті – суға батырып қана алған өгіз тулақ сияқты. Ақыры, біздің әйелдердің бірі бұл құпияның сырын ашу талабымен арнайы тәжірибе жасайды ғой. Күнделікті, өз дастарқанына дайындаған етті бір қайнатып қана қазаннан алады – шикі, бірақ тіс өтердей; екі қайнатып алады – толық піспеген, алайда, анадай, тым қатты емес. Содан осы әйел ме, басқа абысын ба, бір жолы етке құйылған су жеткіліксіз көрініпті, содан жаңа қайнаган ет үстіне қосымша сұық су қоспалайды ғой. Әдепкідей, екі, әлде екі жарым сағаттан соң қазаннан алып, табаққа салған кезде қараса... тастай қатты, тұпа-тура анау досымыздың үйіндегідей. Бәлкім, уақытынан жаңылысқан шығармын деп, қайтадан отқа қояды. Ертеңіне, әлде арғы күні әлдеқалай есіне түсіріп, манағы тәжірибелі қайталапты. Ет бір қайнады – үстіне қосымша сұық су. Міне, алақай! Сол сәтінде мен қасаң еттің құпиясын таптым деп, көңілі жақын екі абысынға телефон шалышты. Яғни, біздің досымыздың әйелі қазанға салынған ет бір қайнаган соң, үстіне жаңадан сұық су құяды еken... Солай деп, келесі кезекте біздің әйелдер өз қүйеулеріне айтады. Бірақ ешқайсымыз сенбедік. Сонда әдейі істегені ме? Әдейі десті. Қонақтар жемесін, етіміз өзімізде қалсын деп. Артынан екі-үш қайнатып, кәдімгідей пісіреді... Еріккен әңгіме ғой. Епетейсіз әйел, білгені сол, басқасы тұрыпты, жөндеп қазан да ұстай алмайды...

Сонымен, кезекті бір қонақ. Досымыз осының алдында ғана соғым сойған. Әуелгі дастарқан – қазы, карта қасандай көрінді, үйреншікті жағдай – таңырқамадық, оншама тартынбадық. Келесі кезекте үйме табақ ет келген. Қосымша сыбагамыз және бар: қалғанымыздан жарым жас үлкен Төлекке – жамбастың үлкен қалағы, менен екі ай кіші Блокқа тоқпашиң жіліктің басы, ал маған ерекше құрмет – тайдың бүктеле піскен тұтас бір жалы. Сияпатта мін жоқ. Әйткенмен, менін қайда да үйреншікті сақтығым бар, сыртына майы шылқыған, ақсары, тырсылдаған семіз жалды айналдыра қарап отырып, бір шетінен жұқалап, жарым жапырағын кесіп алдым. Иә. Бәрі бұрынғыша. Бұл үйдің еті – грузовой машинаның ескі покрышкасындағы деп едім ғой, кім тістеп көріпті, әйтеуір айтып қалған бейнелі сөз, сол ретпен келсек, бір кесім жал – женіл машина дөңгелегінен ажыратылған рәзенке камераның бір үзігі сияқты еken. Еппен ақырын ғана шайнап, сөлін тартқандай ырым жасадым да, аузымды сұрте бергендей, салфетканың бір ұшымен қайта алып, томарлақтап, қоя салдым. Содан соң сыбага табагымды, үстінде үйіріліп жатқан тұтас жалмен қоса, Төлектің алдына жылжытып едім. Ерекше құрметіме риза болып қалды. Алдындағы, бір шеті ғана кетілген тұтас жамбасты маған ысырды. Содан соң, пышағы қалай өткенін білмеймін, шикі жалдың жуан ұштығынан үлкен бір жапырағын кесіп алды. Кесіп алды да, аузына салды. Келер мезетте оқыс даусы шыққан. Қайткенде мәдениетті кісі, жұмсақ қағаз сұлгіні аузына тосып, шайнамасын таstadtы және екінші қайыра қолын тығып, сынған жарты тісін сұырып алып еді!..

Ал осыған кім сенеді? Жарайды, өзі де дәнекүс азу еken дейік. Дәп сол сәтінде опырылуы қалай? Сондай-ақ, ерекше тәсілмен, тастай қатты қылып пісірген ет жайын да ешкім ұғындырып бере алмас. Бір, екі рет

емес, үнемі, жиырма, отыз жыл бойы осындаи ерекше ет жеген досымыздың жұмбағына да ешкім сенбес еді. Бірақ анық, дәп осы қалпында өмірден өткен хикаят.

Досымыздың да, оның айрықша аспаз әйелінің де аттарын атамай, әрқылды жағдайда, қызық үшін айтқан осы бір әңгімеге бұрын-соңды ешкім де иланып көрген емес. Осы қағаз бетінде де сенімсіз күйінде қалатын шығар.

### **3. Ағаға артықша құрмет**

Бұл жолғы, ешкімге көлеңке түсірмес хикаямымыздың басты кейіпкерлерінің есім-сойын нақты атауға болады. Іслем Жарылғапов және Советхан Фаббасов.

Жазушылардың Жамбыл көшесі, Байзақовқа тақау қызылстағы, Сараңдардың Сары үйі аталған жаңа қонысында тұрамыз. Көп кешігіп, сегіз, әлде тоғыз жылдан соң, дәл қатарымыз – Чапаев көшесі жақтан тағы бір үй салынды – мұнда да тек қана жазушылар. Көп ұзамай, Алқаштардың Ақ үйі болып шықты. Өздеріне де обал жоқ. Жапырлай келіп қонып жатқанда біздің жақ ерулікке асықпаса керек. Соған орай Сараңдар мәртебесі. Енді Алқаштар. Рас, отыз шақты әріптес ішінде бес-алтауы үнемі дерлік көнілді жүретін еді, қалғаны да солармен бірге кетті. Әйтпесе, әдетте Ақ үй дейміз. Ал біз – тиісінше Сары үй. Бұл атаулардың да түпкі мағнасына бойлап жатқан ешкім жоқ. Шындығында, қырық-елу үйден құралған таза қазақ ауылы еkenбіз.

Іслем Жарылғапов әуелден-ақ Сары үйдің шығыс беттегі бірінші даланында тұратын. Мен – екінші даланда. Қайткенмен бір ғимаратта жасаған соң, көршілермен кездеспей түрмайсың. Іслем ақсақалмен арамыз жаман емес, баяғыда, Есенберлиннің тұсы, мен көрген бірер жылда Госкомиздатта бас редактор болған. Бұл – көкірегі кең, білімдар кісі еді. Әр кезде, әрқыл үлкен қызметтер атқарған. Оқығаны көп, сөзге және шешен. Алайда, жазғаны жоқ, немесе жоққа тән. Оның есесіне, қазақ тілі мен мәдениетіне том-том кітап келтірген талай қаламгерден артық еңбек сіңірген. Бұл кісінің шығармасы – кітап емес, жекелеген, тың сөздер. Түрлендіріп, жаңаша қалыптаған. Мәселен, «көрермен», «оқырман», «аялдама», «саяжай» дегендей. Ең ақыры – кәдімгі «балмұздак». Хош. Бұл кісі орысшага да, қазақшага да жетік. Ең кереметі – ғаламда жоқ жалқау. Өзім нақты қуәгер болған бір жағдай. Есенберлин – «Жазушы» баспасының директоры, өзімен ежелден сыйлас Жарылғаповқа аудармаға кітап береді ғой. Қарақалпақ жазушысы Қайыпбергеновтың «Қарақалпақ қызы» романы. Алдынала шарт жасалған, жиырма бес пайыз аванс ақшасын алған. Сонымен бітті. Бір жыл өтеді, екі жыл өтеді, үш жыл – аударма жоқ. Алайда, бұл қалпында қалуға тиіс емес. Біріншіден, аз ба, көп пе, тиесілі борыш баспаның мойнында тұр, барлық межесі өтіп кеткен, не ақшаның орнын жабу керек, әйтпесе, қолжазба тұсуі керек. Екіншіден, сол кездегі қарақалпақтың, Ташкент пен Москвада кітаптары шығып жатқан лауреат жазушысы

қантарылып отыр, әредікте сыпайылап телефон шалғанда әне, міне деп алдарқатып қана қоямыз. Ақыры, Іслем ақсақалмен менің сөйлесуіме тұра келген. Басқа жұмыстардан қолым босамай жатыр, дейді. Соңғы бір жылда екі қайтара берген жауабы. Шындығында, бұл кезде қолы мұлде бос, уақыт емес, мойны жар бермей жүргені анық. Үшінші мәртеде ашып айтып едім, Ісеке, қарақалпақ пен қазақтың айырымы жоқ, осы біздегі сауатты әйелдердің біріне мәшінкеге берініз, бастан-аяқ тұпа-тура көшіріп шықсын, үстінен қарайсыз да, киыспай тұрған жерлерін түзете саласыз, аударма деген – міне, осы, сіз де тыныш, баспа да тыныш болар еді деп. Үлкендігін алға салып, әжептәуір ренжіп қалды. Мен өз ісіне соншама жауапсыз қарайтын желбегей кісі емеспін, деп. Төтенше жағдайды Ілекене мағлұм қылдым да, бар парызынан құтылдым. Арты не болғанын білмеймін.

Міне, 1972 жылдың сонында осы Іслем ақсақалмен көрші шығыппыз. Әуелде, кездейсок ұшыраса қалғанда әжептәуір әңгімелесіп жүрдік. Тек қызғылықты басталған кенесіміз созылып кететін жағдайлары бар. Міне, он жыл болды, бұл кісінің мен көргендегі бір ғадеті, тоқтаусыз сөйлейді. Қанша уақыт өтсе де, қандай әңгіме болса да, орта жолдан үзіп, тастап кете алмайсыз. Бұл саңылаусыз, кенеусіз кенестен құтылу үшін – сол арада тағы біреу ұшырасуы шарт. Ендігі қызықты тың құлаққа аудара салып, тезінен сыйылып шығуға мүмкіндік бар. Соңғы бірер жылда маған салқын тартқан, өйткені, сұраган кітабын, қашыра сөйлеп, бермей қалғам. Екі томдық Парсы-орыс сөздігі. Жалпы, кімге болмасын кітап беру әдетімде жоқ, оның үстіне, бұл Іслем ақсақал оқуға алған кітабын қайтармайды екен, тіпті, Мұхтар Әуезовтың өзінен бүгіп қалғаны бар деп айтатын. Әйткенмен, ашық араздығымыз жоқ, бұрынғыдай құлдырап тұспесе де, кездесе қалғанда тарп жабысатын. Сондықтан кешелі-бүгін емес, талайдан бері қашқалақтап жүретін болғам. Есіктен шыға бере, арғы далан тұсы, тақау төніректе қарасы көрінбей ме деп, барлап алам. Анадайдан көзге шалынса, айналып өз жағымнан шығам және бірден-ақ көшениң қарсы бетіне өтіп кетем.

Осындай бір күн еді. Таңертенгі сағат тоғыз жарым. Академия кітапханасына бара жатырмын. Әдетімше, үйіміздің сол қанаты, өтер жолыма көз салдым. Ешкім көрінбейді. Қолымда портфелім бар. Тура тарттым. Кенет... арғы далан алдына жете бергенде... қарсы бүйірден Ісекенің шыға келгені. Тап бір мені аңдып тұрғандай. Әрине, аңдыған жоқ. Кездейсоқтық. Мен осылай қарай жылжығанда, ол үшінші қабаттан төмен түсіп келе жатқан. Не керек, ұсталдым. Іслем ақсақал бірден-ақ әлденендей қызғылықты, ғибратты кенесін бастады. Ал маған ешқандай қызықтың да, ғибраттың да керегі жоқ. Бұдан бұрын он, жиырма, отыз мэрте естігем. Бұл емес, басқа әңгімелер. Әйткенмен, бәрібір. Бүгін менің жазу емес, кітапхана күнім. Сол жазуга қажетті әлденендей қосымша әдебиет. Мен әңгіме қызбай, жаңа басталғанда уақытым азын, асығысымды білдіріп қозғалақтап едім, Ісекен атап ренжімесе де, қабағын шытты, тұра тұр, мынау саған да керекті кенес деп барып, ұзақ-сонар хикаятына кірсіп кеткен. Арада тұтас жарым сағат болып көрінген төрт-

бес минуттан соң, менің бақыттыма қарай, барап жол – қала жақтан, кездейсоқ емес, тіке тротуарынан ауытқып, Сары үйдің тұра алдынан өту үшін... бұрылып жүрген Советхан Фаббасов шыға келгені. Үстінде әдемі сұр костюмі бар. Галстук таққан, салтанатты кейіпте. «Ассалау...» – Ісекең Советханның қолын алып үлгермеді, «Ал, жақсы, Ісеке, аман болыңыз» деп, өзімнің құтқарушыма бас изеп ишара жасадым ба, жасамадым ба, лып етіп, бұлт етіп, ойнақтап шыға бердім. Бұл – нақтылап айтайын, таңтеренгі сағат онға жиырма минут қалған кез.

Содан, тұтқыннан құтылған көтерінкі көңілмен трамбайға жетіп, көп күтпей, сәтімен жылжып, Академия кітапханасына барып, сағат түскі үштен өткенше отырдым. Қайырым жол – небәрі жиырма-жиырма бес минут шамасы, көлденеңнен тосып тұрған ешкім жоқ, тезінен жеттім. Содан Сары үйдің шығыс бұрышын айнала бергенде... бірден көзім шалды – Ісләм ақсақал мен Советхан екеуі сол манағы жер, ашық қақпа, далан алдында әңгімелесіп тұр еken. Әңгімелескенде, Советхан үnsіz, бар болғаны басын изеп қана қояды, үздіксіз, тынымсыз сөйлеуші, әрине, Ісләм ақсақал. Мен таң қалып, бір сәт бөгеле бере, ың-шыңсыз кері шегіндім. Истің сәтіне қарай, ақсақал ары қарап тұр, ал Советхан арқанға ілініп, шылбырмен мatalған, шарасыз қалыпта мені аңдады, аңдамады, қайткенде «Құтқара көріңіз!» – деп аттандай алмайды.

Бұл Советхан – негізгі мамандығы медик, ғылым докторы, профессор, жұғымды, жақсы жігіт; оқытушылық, дәрігерлік жұмыстары қат-қабат, тұнгі кезекте болды ма, таңғы шаруасын шұғыл атқарды ма, әйтеуір қолы босап, үйіне қайтқан мезеті. Осы Советхан, бұдан басқа тағы жиырма бес-отыз жазушы өткен айдағана Ақ үйге жапырлай қоныстанған. Ал Советханның әуелден-ақ жазуға ықылас, құмарлығы мол, әңгіме, повесть, роман... дегендей. Жалпы жүрттап озбаса да, қалық емес. Оның үстіне, өзінің тосын мамандығына қарай, біздің жазармандар қауымына тартынбай қолқабыс, жәрдем жасап тұратын кісілігі және бар. Ең бастысы – үнемі сыртта жүргендіктен, қalamгер қауымына құрметі ерекше. Міне, жазушыларға арнап салынған үйден пәтер алып отыр. Бұрын сырттай, одақ пен баспадағана көретін ағайындармен енді етene араласуға мүмкіндік туды. Мерей, әрі мәртебе. Қарап тұрса, бәрі де әйдік. Оның ішінде көкбуырыл шаш, тығыршық, тығыз бітімді, салмакты, салуатты Ісләм ақсақалдың бар болмысы үлгілі көрінсе керек. Және алғаш рет жекелей жүздесіп, сөзін тыңдалап тұр. Әрі мәнді, әрі соншама қызығылықты. Мен құсан, ал енді сау болыңыз деп, орта жолдан үзіп кетуге әдебі жібермейді. Әуестік пен құрмет ағасынан айыра алмай тұр.

Мен енді Сары үйді сырттай айналып, келесі далан алдына жеттім де, қызықты мәжіліс үстіндегі екеуге қауіпсіз жерден тағы бір рет көз тоқтата қарап, ішке кірдім. Бұл кезде сағат төртке тартқан. Ісләм ақсақалдың Советхан інісін ұстап алғанынан бері тұра алты сағат өткен. Асықпай шайымды іштім. Қызық үшін әйеліме Ісләм ағасы мен Советхан жазушы екеуінің қалай кездескенін, таңтеренгін бері ана далан алдында тапжылмай әңгімелесіп тұрғанын айттым. Неше сағат? Тұра алты сағаттан асты, дедім. Әйел сенбеді. Сен кеткеннен кейін, осы тұс

әлетінде, анығы – түстен кейін ұшырасқан шығар, деген. Мен өтірік айтпаймын, алғаш кездескен минутынан бастап білем деп, әжептәуір ренжіп қалдым. Е, мейлі, деді әйел. Өздеріне ұнаса болды, саған да, басқаға да зияны жоқ қой, деді. Зияны – түнгі кезектен келе жатқан дәрігер әлі таңғы шайын ішкен жоқ, дедім. Маған, әрине, бәрібір. Керек десен, қызық.

Содан соң, ішкі бетке қараған кабинет балконына шығып, шыққанда, ербимей, басымды сұғып қана қарап едім, манағы екеуі әлі тұр еken. Сағат төрт жарым. Сұхбат басталғалы – жеті сағатқа тақады. Қашанғы андисың, құлдім де, бүгінгі жұмыстың қорытындысы, қажеттеп әкелген дәйектерімді қатарға қостым, жазу емес, тағы да әрқылы ұсақ-түйек. Кенет есіме түсіп, биіктен және қарап едім, Іслем ағам мен Советхан әріптесім әлі де сол кеңесте, сол орнында тұр еken. Сегіз сағат болды. Енді мен құлқіні қойып, таңырқай бастадым. Міне, сегіз сағат. Екеуі де тізе бұкпей, осы сегіз сағат бойы түрегеп тұр. Жүріссіз, қимылсыз, бір шаршыда. Аяқтары талмай ма. Қарындары ашпасын, шөлдемесін, бірі – айтудан, екіншісі – тыңдаудан жалықпасын, бәрін жиып қойғанда, бұлардың қуықтары қалайша жарылып кетпей тұр? Мен білгенде аксақал қанша сөйлесе де шаршамас еді, әйткенмен, бір-екі, үш-төрт емес, сегіз сағат бойы тынымсыз толғағанда дауысы қарлықпай ма, сөзі таусылмай ма. Не деген кенеусіз кенес. Осы сегіз сағат бойы табан аудармай тыңдал тұрған Советханның жүйкесі қандай берік, төзімі қандай шексіз.

Әрі құліп, әрі қайран қалып, және кітап ақтарыстап әжептәуір отырған соң, балконнан сұғынып тағы қарадым. Ешқандай өзгеріс жоқ. Міне ерекше кенес тоғыз сағатқа тартты. Бұл – күз мезгілі болатын. Әжептәуір ызғары бар қара күз. Құн біршама қысқарған. Жаңа батты, алакеуім. Мен соңғы рет қарағанда тағы да әлденендей өзгеріс байқалмады. Қызығылықты теке-тұрыс тоғыз жарым сағатқа жетіпти. Бұдан соң рекордтық... онсыз да ешкім мойындарас рекорд жасалған, әйткенмен, есте қалар дөңгелек сан құтіп едім, он сағатқа толды ма, толмады ма – анығын айта алмаймын. Бұл кезде алакөлеңке қоюлап, шамсыз ауланы қарангылық басқан. Іслем ағам мен Советхан әріптесім әлі тұр ма, немесе осыдан бірер минут бұрын қимай айрылысып, үйлеріне кетті ме, нақты білмеген соң, ақиқат күәлікке дауаламай отырмын. Алайда, осы екеуінің таңғы сағат тоғыз қырықтан кешкі сағат жетіден өткенше – жиыны тоғыз жарым сағат бойы үй алдында табан аудармай тұрғанын, және аса көп білетін Іслем ақсақалдың бар білігі, ішіне сыймай, тұра тоғыз жарым сағат бойы мағнналы, деректі, әсем сөз болып, сыртқа құйылып жатқанын, міне, осыншама керемет кеңесті сөз ұғатын, кісі сыйлайтын Советхан Габбасовтың соншама уақыт – тоғыз жарым сағат бойы кірпік қақпай, дем шығармай, айрықша ықыласпен тыңдағанын нақты қуәландырамын. Бәлкім, он сағат, одан да астам шығар, алайда, ақырына дейін қадағалауға мүмкіндігім болмағанын айттым.

Арада үш күн өткенде естігенім, біздің жазушылар қатарынан шыққан дәрігеріміз, анығы – орыстағы Чехов, ағылшын Моэм сияқты, дәрігерлер қатарынан шыққан жазушымыз Советхан Габбасов

көлдененен салқын тиіп, ауырып қалыпты. Әйтеуір аман-есен, екі аптадай емделіп, қулан-таза жазылған еken. Ал Іслем Жарылғапов ықыласты інісімен соншама мағналы кеңестен соң жаңаша қуат тапқан сияқты. Салмақты, салуалы әңгіменің жүгін көтере алмаған Советхан інісі ауырып жатқан екі апта ішінде, әрине, алыстан шалып, екі-үш рет көрдім.

Ал енді осы әңгімеге кім сенеді? Менің бұл кісілерді көргенім емес, салқын күзде, екі аяқтарымен тік тұрып, тоғыз жарым сағат бойы үздіксіз әңгіме-кеңес құрғанына. Мені сыйлайтын, ең сенімді тындаушыларымның өзі: Муха, ағасы, атасы, әсірелеп жібердініз деседі. Мүмкін, бір жарым, екі сағат. Тіпті, сіздің көнілініз үшін көтеріп айтқанда төрт сағат. Шындығында, анау екі сағаттың өзі неғайбыл, ал төрт сағаттың мүлде қисынсыз... Төрт емес, тоғыз сағат деймін, нақты айтсам – тоғыз жарым сағат! Тапжылмады, табан аудармады, үй алдында, аулада тұрды да қойды! Қанша айтсан да, ешкім сенбейді... Кейінірек ойладым: әттегене, сол күні қолым бос еді, алакөлеңке түскенде киініп сыртқа шығып, Советханды азат етуім керек еді, содан соң Іслем ағам жана тындаушыдан тың күш тауып, ғажайып әңгімесін одан әрі жалғастырса. Енді неше сағатқа жетер еді? Рас айтам. Түнгі он екіге дейін тұруымыз анық. Қап... Шын қызықтың уақытын өткізіп алыппын. Қайта айналып келмес керемет еді.

Осымен, адам сенбес әлденеше хикаямымыздың ең қисынды үшеуі катарынан тәмам болды.

6–8.IV.2018,  
Силвер Сприн, Мэриленд, АҚШ.

#### **4. Алматыдағы ғажайып**

Ілкіде, адам сенбес өзгеше хикаяларымыздың таңдама үш тармагын ғана қағазға түсірген едік. Сол қалпында «Жұлдыз» журналы, 1918 жыл, 10-номерде басылып шықты. Сырттай естуімізше, әрине, ешқайсына ешкім сенбеген. Жалпы танымда анекdot кейіпті, қызғылықты кәкіршүкір ғана. Сөйте тұра, тасқа басылып кеткен соң, «әттегене...» – деп санымды соктым. Адам сенбестің ең негізгі, ешқашан ешкім нанбас, тіпті, анекdot ретінде де кабылданбас өзгеше бір тармагы ұмыт қалыпты. Мана айтқанымыздай, мүлде қисынсыз жағдаят. Енді, еске түскен соң, жамиғаттан жасыру – кәдімгідей күнә болар еді.

Откендері үш бірдей «Сенбесіміз» – әрқылы мінез, жағдаят көріністері болса, мынау – әлеуметтік деп айту артық, партиялық басшылық десек ауыр, әкімшілік... әкімшіліктегі отырған, нақтылап айтсақ, дәп сол бір тұста астана мәртебесі бар Алматыны берік ұстап тұрған әлдебір тегеурінді, данышпан партия-совет басшысының ғажайып таным, шексіз қиялның көрсеткіші. Сонымен...

1963 жыл, жазга салым болса керек. Мен университеттің қазақ әдебиеті кафедрасының аспирантымын. Мұрынға су жетпей жатқан қысталан қезең. Жатақханада бір бөлмеде тұратын Кенжебай Жүсіпов

дейтін жігіт бар еді. Ғаламат дарынды және соншама пәрвайсыз жан. Сәл кейінірек «Көк мұнар» романының өзгеше бір кейіпкерінің прототипі болған математик, осы аспирантура күндерінде жетекшісінің докторлық диссертациясын көтермелеп шыққан, ақыры уақытында қорғап үлгермей, екі-үш жылдан соң ғана ғылыми дәрежеге жеткен. Кейінгі тағдырын білмеймін, ал мына ерекше оқиғаның алғашқы қуәгері болғандықтан әңгімеге қыстырып отырмын. Сонымен, мен – күндіз архивте, Кенжекең – лабораторияда, екеуіміздің басымыз қосылған мазаң кештердің бірінде алдыма неше бүктелген әлдебір газет тастаған. Алматының облыстық, әлде қалалық басылымы – орыс тілді «Вечерняя Алма-Ата», немесе «Огни Алатау». Бірінші апрель күнгі емес, естері дұрыс па өздерінің, деген. Міне, деп, нұсқап көрсетті.

Шынында да ғаламат екен. Астана шаһарымыз үлкейіп, өсіп, өркендеп келеді, дейді. Әрқылы транспорт, оның ішінде жеңіл машиналар да бұрынғыдан өлшеусіз көбейді... Осыған орай, үлкенді-кішілі көшелерде көлік атаулының еркін қозғалысына жол түйісіндегі бағдаршамдар айрықша бөгесін болып тұр. Сондықтан да қала басшылығы Алматы көшелеріндегі семафор атаулыны түгел алып тастауға шешім қабылдап отыр...

«Әзіл шығар», – дедім мен. Бірақ қатарынан берілген жаңалықтар шекесінде «юмор» деген маңдайша жоқ. Анық, деді Кенжекең. Мынау – осыдан үш күн бұрынғы газет. Өзіміздің химик аспирант Жұмажан берді. Саған көрсет деп. Ол да ақылға сыйғыза алмапты. Филолог қой, мүмкін Мұхан жұмбағын шешер деп еді. Кеше. Ұмытып кетіппін. Ал бүгін... Главпочтаниң қатары, Коммунист пен Кировтың қызылысында арнайы, сатылы машиналармен төрт көзді семафорды ағытып алып жатқанын өзім де көрдім...

Ол кезде Алматыда, қандай да үлкен көшениң қызылысы, қақ ортада, айқыш кермелерге орнатылған әдемі семафор тұратын. Кейінгідей, әр бұрышта емес және жалғыз. Төрт тарапқа қараған, үш жарықты, әмбебап бағдаршам. Міне, айналасы апта өтпей, Алматы көшелеріндегі семафор атаулы түгел сыйырылып тұсті. Мен ойлап едім, жаңасын салар деп. Неге қолма-қол ауыстырмады деп. Жоқ, ресми газет ақпараты ақиқат екен. Еш жерде бағдаршам атаулыдан тұлдырып қалмады. Бұл, қазіргі заманғы дүние тарихындағы өзгеше жаналықтан соң, үлкен қаладағы қозғалысқа қаншалық жеңілдік келді – нақты айта алмаймын, алайда, толып жатқан көлденең қындық туғаны, атап айтқанда, ондаған, бәлкім, жүздеген машина соқтығысып, бәлкім, нешеме адам мерт, майып, кәріп болғаны күмәнсіз. Міне, осы, барлық көшедегі семафорсыз жағдаят бір жылдан астам, өте ұзак уақытқа созылды. Келер жылы жазда ғана қала көшелері қайтадан семафорлана бастап еді... Ал осыған есі дұрыс қандай адам сенеді?

Біз айтып отырған хикая – астана шаһардағы осы қатарлас ғажайып атаулының бастамасы ғана екен. Көп ұзамай Алматы көшелері, оның ішінде Опера театрының екі қанталы, Баспостamt пен бұрынғы Үкімет үйі, ендігі ҚазМУ-дың бас корпусы және басқа да орам, сквер атаулыдағы

күргейлі бұта біткен түгел оталып тасталды. Кәдімгі, тыныс үшін, сән үшін егілген, кейде дөңгелене, кейде ұзынынан созылып, аланқай, көше біткенің көркін келтіріп тұратын, кісі бойы, тұтаспа қалың, екпе шіліктер ғой. Жағалай, жаппай, тұпа түбінен қырықкан соң, бұткіл Алматы, үлken ағаштары ғана сорайып, мұлде жалаңаш қалды. Неге десеніз... сол Опера театрының маңы, ҚазМУ мен Баспochtамт алды, және басқа да бүркенішті көше, даңғылдар – дүйім Алматы – кеш батар-батпастан қызы, жігіттердің ойнағына айналады екен. Иә. Сондай қалқалы тұстарда құшақтасып, аймаласып отырады, тек сонымен ғана шектелмесе керек. Тақау үйлерде тұратын еңбек сінірген зейнеткерлер жоғарғы қабаттан барлық қызықты көріп тұрмақ. Мынау не сұмдық деп, арысы Орталық Комитет, берісі қала басқармасына шағынған да осы байырғы балшабектер екен. Тек сквер, көшелер ғана емес. Ол кездегі Космонавт пен Виноградовтың қылышы, Никольск шіркеуінің жоғарғы қапталында шағын парк бар еді. Еңселі дарақпен қатар, гүлзар және күргейлі бұталары да көп. Тақау төніректегі студент жатақханаларында тұратын жастардың күндіз сабакқа дайындалатын, кешкілікте тыныс табатын демалыс орны. Қатар-қатар, қоралас, үйірімді бұта атаулы түгел сыпсырылды. Бұл тарапта айрықша қатаң, арнайы жарлық болған сияқты. Өңкіген еменнен басқа тұлдыр қалмапты.

Сөйтіп, 1963 – бір-ақ жазда бұрнағы желеktі Алматы тыр-жалаңашқа жақын, тақыр сида қалыпқа түсіп еді. Әуелгі жоспар артығымен орындалды. Ал енді қу тақырда ауна, ойна, еңбекте – қарық болдын. Алайда... билік тарабынан үлken қателік кетіпті. Күргейлі бұта атаулыны түбінен қырықпай, тамырымен қоса қопарып тастау керек екен. Келесі жылы барлық жерде қу түбірден қатар-қатарымен жаңа бұтақшалар ессе бастаған. Жер бауыrlаған жіптік тармаққа біткен нәзік жапырақтар. Екінші жылы тобықтан озып, қарыстан асты. Үшінші жылы тізеге жеткен. Төртінші жылы белуардан шығып, бұрынғы өлшеміне ұмтылған. Енді, әуелгі нысан бойынша қайыра қырықпаған соң, бес жыл дегенде, түк болмағандай, әуелгі табиғи қалыбын тауып еді. Сол сәтінде жалпы жұрт кешегі, арғы күнгі барлық қырқым мен қысасты ұмыта салған. Ешқашан күргейлі бұта саясында ойын жасамасақ та, тек біздің есімізде қалыпты. Ұмытпастық үшін баяндап отырмыз. Бірақ бұл жолы да сондай бір науқан болғанына ешкім сенбесе керек.

Осы, күнәкар бұта біткенді жаппай отау үрдісі қаладағы барлық аялдамада тұрған сәкі атаулыны түгел жинап әкету жарысына ұласты. Түн ортасы ауып, жұрт аяғы басылар-басылмаста қызықтың ең үлкені осы аялдама орындықтарында жалғасады екен. Жер жетпегендей, дәп осы араға келіп отырады, әңгімелеседі, құшақтасады, аймаласады... және одан арғысы. Енді тып-тыныш болдық. Ал тапа-тал түсте, онсыз да минуттап емес, сүт пісірім де емес, ет асым мезгілге кешігетін, кешікпесе де, көбіне-көп тоқтамай өтетін автобус, троллейбус, трамбай – бір сөзben айтқанда, қогамдық көлікке кіріптар, жастар емес, қартандар, оның ішінде күні кеше тәртіп пен тазалық туралы жоғарыға гарыз жазған кәрі балшабектер де, таяғына асылып, белі үзіліп, әрен тұрады. Қайткенде

тақыр жерге отыра алмайсын. Уақасы жок, оның есесіне түнде де ешкім отырмайды.

Ендігі бір ерекше қызық – Алматыдағы Горький атындағы, Панфиловшылар атындағы ең үлкен екі демалыс паркіне қатысты. Сквер мен аялдамаларда зауық тарқатқан жұрт жыныс орманға жақын паркте мұлде шектен шығуы күмәнсіз. Осыған орай, бұл күнәкар екі жынойнақ та ішінәра қалың бұта, жалғас қима шілік атаулыдан тазарады. Серейген, мыжырайған кәрі дараптар ғана қалыпты. Бір шеттен қарасаң, екінші шеті айнадай көрінеді. Эйткенмен, бұткіл байтақ парк оқшау, дербес, тылсым мекен сияқты. Күндіз емес, түнде. Сондықтан, төтенше әрі ұтымды амал табылады. Екі парк те сыртқы қоршаулары жойылып, жайдакталуы қажет екен. Төңірегінен бөлектеп тұрған берік шарбақ – ескіліктің қалдығы, бүгінгі совет жастары мен социалистік еңбекшілердің еркін дем алуына бөгесін дейтін орынды уәж айтылады. Сөйтіп, патша заманынан қалған берік қоршау түгелімен жоққа айналды. Панфилов паркінің сырты, бәлкім Колпаковский тұсында орнатылған, биіктігі кісі бойынан астам, қолдың саласындағы тізілген, ұштығынан түбіне дейін әсем көрікті, ұзынынан созылған, кемі екі-үш шақырымдық шойын шарбақ тұтасымен жинап алынды. Сырты жылтыр қара сырмен боялған ондаған, бәлкім жүз тонна металл. Алып кету де оңай емес. Сол беті, сыртқы меже, әрбір тұста қатарластыра қалап қойған еді. Ай емес, жыл, бір емес, екі, әлде үш жыл бойы қаңсып тұрды. Ақыры, әрен әкетсе керек. Әрине, төрт тарап, бұрынғы қандай да қозғалысқа толық жетімді төрт қақпаның орнына парктің сегіз емес, он, жиырма емес, бар тарабы ашық ашық-алаң қалған. Бұрнағы темір шарбақтар көлденең куәгер болып тұрған екі-үш жыл ішінде, қаланың қақ ортасындағы саялы демалыс жайы – бар көгінен айрылған, шандакты қу тақырға айналды. Сол қалпы, азып-тозып, тағы төрт-бес жыл тұрып еді. Ақыры, әлдеқайдан төтенше пәрмен түссе керек, жаңа шарбақтар жасалыпты. Үздік-создық, бірнеше ай, жарым жылда әрен орнатып бітті. Демалыс паркі толығымен, қайтадан қоршалған. Парк аймағына кез келеген жерден кіріп, шығатын, неше тарам, айқыш-ұйқыш жолдар түгел кесілді. Бұл жетім соқпақты тақаудағы жылдарда қайтадан шөп басады. Алайда манағы, жаппай қырқылып кеткен жеке-дара, немесе күргейлі бұталар өз бетімен қайта шықпайды. Демалыс паркінің ендігі ішкі тынысын айтпағанда, сыртқы кейпін де бұрнағымен салыстырып болmas еді. Жаңа шарбағымыз – қоғамдық зират қоршауындағы жетімек, әрі сұрықсыз. Енді қайткенде де өзіндік ауданы белгіленген паркті біржола және толық игеру қажет екен. Баяғыда жас пен кәрі серуендейтін, кішкене балалар алансыз ойнайтын, тынысы кең демалыс жайының солтүстік-шығыс бұрышына советтік патриоттық идеяларды әйгілейтін, қатар-қатарымен өңкіген, бітімі де, тұрғысы да зор және бар жағынан рабайсыз, құбыжық ескерткіш кешен орнатылды. Тақау қанталы – шағын зират есепті, қашан және неге қойылғаны белгісіз, әлдебір партиялық қайраткер мен тағы бір көрнекі балшабектер жерленіпті. Ол аз болғандай, қақ ортаға ауқымды екі-үш залы бар үлкен ресторанды орнатып. Осының бәрі – сорақы, бірақ замана талабынан туындаған өрескел

жағдаят дейік. Ал сонда әуелгі кілтипан – ескілікті демалыс жайының сыртын жалаңаштау кімге қажет болыпты? Осындай, ешбір данышпан ойлас таба алмайтын ғажайыптың мәнісі неде? Біз айтып отырған, бір емес, қанша мәрте қайталанған кереметтің қандай жасырын сыры бар?

Көшелерінде семафоры жоқ, қазіргі замандағы үлкен қала, орындықсыз аялдамалар, көк желеекке тыйым салынған аула мен сквер, қақ ортасына кісі көміліп, тас тақырға ұсқынсыз, қаралы ескерткіштер орнатылған демалыс паркі... Дамыған социализм кезеңі – 1963-1965 жылдар деп қойыныз. Дәп сол кездे Алматы қаласын қандай данагей партия-совет қайраткері басқарады екен? Іздегенге тауыш алу оңай. Ал соған керісінше, мениң осы және бүрнағы «Адам сенбес» жазбаларымды оқыған қандай да есі түзу кісінің мұншама ғажайыпқа сенуі әсте мүмкін емес.

Сондай-ақ... арада тағы бір елу-алпыс жыл өткен соң... туған елімізде бүгінгі данагей көсемдер мен бишкештер жасап жатқан бірталай жаңалықты істерге... кейінгі әuletімізді нық сендіру де мүмкін болмайды, дер едім.

15.1.2019  
Силвер Сприн, АҚШ.